



FTAMP 15.31.31

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-153-4-157-174>

Ғылыми мақала

Студенттердің әлеуметтік бейімделуіне конформизмнің психологиялық әсері

Г.Е. Салимова¹, Н.Қ. Тоқсанбаева², Х.Т. Наубаева³, Ш.Т. Турдалиева⁴,
М.А. Еркінбекова⁵

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

³Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан,

⁴М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

⁵“Q” университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹guka_99@mail.ru, ²*n.toksanbaeva@mail.ru, ³naubaeva_58@mail.ru,
⁴asemova74@mail.ru, ⁵erkinbekova.m@q.edu.kz)

Аңдатпа. Бұл мақалада студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне конформизмнің психологиялық әсері психологиялық зерттеу әдістері арқылы талданды. Зерттеу барысында студенттердің конформдық мінез-құлық деңгейі мен олардың әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері арасындағы өзара байланыс айқындалды. Жұмыстың теориялық маңыздылығы студенттің тұлғалық-психологиялық бейімделуін қамтамасыз ететін конформизмнің рөлін айқындау арқылы жүзеге асты. Зерттеу барысында студенттердің конформдық мінез-құлқы мен әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін анықтауға арналған психодиагностикалық әдістемелер кешені қолданылды: Т.О.Гордеева, О.А.Сычев, Е.Н.Осиннің «Академиялық мотивация шкаласы», А.К.Осницкийдің «Әлеуметтік-адаптациялық қабілеттер әдістемесі» және «Психологиялық мәселелер» стандартизирленген әдістемесі.

Эмпирикалық зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қайнар университетінің 18–19 жас аралығындағы 75 студенті арасында жүргізілді. Зерттеу нәтижелері студенттердің әлеуметтік бейімделу деңгейі мен конформизм көрсеткіштері арасында өзара байланыс бар екенін көрсетті: орташа деңгейдегі конформизм бейімделуді жеңілдетіп, әлеуметтік топтағы өзара әрекеттестікті нығайтса, жоғары конформизм тұлғаның дербестігі мен ішкі мотивациясын төмендететіні анықталды.

Түйін сөздер: әлеуметтік бейімделу, конформизм, психологиялық ықпал, тұлғалық дербестік, әлеуметтік орта, бейімделу тиімділігі, студент.

Түсті: 24.10.2025; Жөнделді: 01.12.2025; Мақұлданды: 18.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Жоғары білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің оқу үдерісіне бейімделуі – білім беру жүйесінің барлық субъектілері үшін маңызды психологиялық және педагогикалық мәселе болып табылады, себебі ол кәсіби дайындықтың тиімділігін айқындайды.

В.В.Алексеев, Н.Н.Бахтина (Алексеев В.В., Бахтина Н.Н., 2017) атап өткендей, студенттердің оқу үдерісіне бейімделуі тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Бұл процесс адамның ішкі психологиялық ресурстары мен сыртқы әлеуметтік факторлардың үйлесімді өзара байланысын қажет етеді.

Психологияда әлеуметтік бейімделу ұғымы, біріншіден, тұлғаның әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделуінің үздіксіз процесі ретінде, екіншіден, сол процестің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Басқаша айтқанда, «бейімделу қабілеті» деп адамның қоршаған ортаның әртүрлі талаптарына (әлеуметтік те, физикалық та) ішкі жайсыздық сезімінсіз және ортамен қақтығыссыз бейімделу қабілетін түсінеміз (Даниленко О.И., 2018).

Бейімделу – тұлғаның белсенді іс-әрекетінің алғышарты әрі оның тиімділігінің қажетті шарты болып табылады. Бұл бейімделудің жеке адамның белгілі бір әлеуметтік рөлді табысты орындауындағы оң мәнін айқындайды.

В.Н. Дружинин мен В.И. Ковалев (Алексеев В.В., 2014) өз еңбектерінде бейімделудің үш түрін айқындаған:

- академиялық бейімделу (оқу талаптарына, жаңа білім беру жүйесіне үйрену),
- психологиялық бейімделу (эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі реттеу, топтық өзара қатынасқа икем),
- әлеуметтік бейімделу (жаңа әлеуметтік топқа – студенттік ұжымға ену, әлеуметтік рөлдерді игеру) бар.

Сонымен қатар, студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделу барысында туындайтын қиындықтар әртүрлі себептермен байланысты болуы мүмкін. Әсіресе, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және мәдени әртүрлілік жағдайында студенттерге жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеру, топтық қарым-қатынас орнату, өзіндік ұстанымын сақтау және топтық нормаларға бейімделу секілді міндеттер жүктеледі.

Осы процесте конформизм феномені маңызды рөл атқарады, өйткені ол студенттің әлеуметтік ортаға сәтті бейімделуіне де, сондай-ақ тұлғалық дербестігі мен ішкі мотивациясының әлсіреуіне де ықпал етуі мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей (Баева И.А., Микляева А.В., 2023), топтық қысым мен әлеуметтік нормаларға бейсаналы түрде бағыну тұлғаның мінез-құлқында конформдық бағыттың күшеюіне әкеледі, бұл бейімделудің сапасына тікелей әсер етеді.

А.А. Смирнов жіктемесі бойынша бейімделудің үш негізгі компоненті ажыратылады: әлеуметтік, дидактикалық және кәсіби бейімделу.

Әлеуметтік бейімделу – бұл адамның өмір сүруіне қажетті нормалар мен мінез-құлық стереотиптерін меңгеру процесі, олардың көмегімен тұлға өмірдің қайталанатын жағдайларына белсенді түрде икемделеді. Басқаша айтқанда, студент тек жаңа оқу талаптарына ғана емес, сонымен қатар жаңа топтық ұжымға – яғни топтастары мен оқытушылар қауымына бейімделуі қажет (Бахтина Н.Н., Губарев А.Н. 2017).

Дидактикалық бейімделу – «мектеп–жоғары оқу орны» жүйесіндегі сабақтастықтың негізін құрайды және студенттің жоғары оқу жүйесіне біртіндеп енуімен сипатталады. Ол студенттің оқытудың жаңа формалары мен әдістерін меңгеруі, өзіндік оқу және ғылыми жұмыста дербестік дағдыларын қалыптастыруымен анықталады. Бұл бейімделу түрі студенттің оқу іс-әрекетіндегі тиімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Кәсіби бейімделу – студенттің болашақ кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне психологиялық тұрғыдан дайын болу процесі, сондай-ақ кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасуы (Бочарова Е.Е., 2009). Мұндай бейімделу көбіне жеке тұлғаның ерекшеліктері мен қасиеттері таңдалған мамандықтың талаптарына сәйкес келген жағдайда жылдам және табиғи түрде жүзеге асады.

Сондықтан студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне конформизмнің психологиялық әсерін зерттеу қазіргі психология ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады және бұл мәселе студенттердің оқу процесіндегі эмоционалдық тұрақтылығы мен тұлғалық даму динамикасын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманауи психологиялық зерттеулерде студенттердің жоғары және орта кәсіби білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісіне бейімделуінің прогностикалық параметрлері мен тұлғалық детерминанттары белсенді түрде қарастырылуда.

Григорьева М.В., Шамионов Р.М еңбектерінде (Григорьева М.В., Шамионов Р.М., 2017) бейімделудің негізгі болжамдаушылары ретінде студенттің когнитивтік және мінез-құлықтық ерекшеліктері, тұлғааралық қатынастар жүйесі және оның субъективтік психологиялық саулығы (well-being) аталып өтеді (Бочарова Е.Е., 2009). Бұл факторлар адамның оқу ортасына, әлеуметтік өзара әрекетке және жаңа талаптарға бейімделу тиімділігін анықтайды.

Сондай-ақ, зерттеулерде тұлғаның жеке-психологиялық қасиеттері де бейімделудің маңызды көрсеткіштері ретінде қарастырылады: экстраверсия, бейімделгіштік, нейротизм, коммуникативтік толеранттылық және эмоциялық тұрақтылық (Цай Х., Bashir A., 2022). Бұл қасиеттер студенттің әлеуметтік өзара қатынаста өзіндік орнын табуына, оқу процесінде белсенді болуына және топтағы позициясын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, бейімделудің маңызды факторы ретінде әлеуметтік қолдау мен топтық қабылдау сезімі қарастырылады (Crockett L.J., Sadoughi M., 2016). Әлеуметтік ортадан алынатын психологиялық қолдау тұлғаның сенімділігін арттырып, жаңа жағдайларға икемделуін жеңілдетеді.

Жоғары оқу орындарындағы бейімделудің психологиялық шарттары ішінде ерекше мәнге ие көрсеткіштердің бірі – студенттің әлеуметтік ортаға ену қарқындылығын өз бетінше реттей алу қабілеті. Зерттеулерде (Козлова М.А., Козлов А.И., 2022) адамның жаңа социомәдени кеңістікке біртіндеп немесе тереңірек кірігу деңгейін субъективті түрде таңдау мүмкіндігі оның эмоционалдық тепе-теңдігін сақтауға және мәдени-әлеуметтік бейімделу процесін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні атап өтіледі.

Осыған сәйкес, студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуінде конформизм деңгейі мен бейімделу стилінің сәйкестігі олардың ішкі мотивациялық тұрақтылығын және тұлғалық үйлесімділігін қамтамасыз ететін негізгі психологиялық тетіктердің бірі болып саналады.

Психологиялық және әлеуметтік бейімделу арасындағы өзара байланыс көптеген зерттеулерде дәлелденгенімен, бірқатар авторлар (Гордеева Т.О., Сычев О.А., 2014) бұл

құбылыстардың әрқайсысын дербес зерттеу қажеттігін атап өтеді. Себебі, әлеуметтік және психологиялық бейімделудің құрылымдық ерекшеліктері мен олардың ықпал етуші факторлары әртүрлі болуы мүмкін.

Зерттеулерде (Даниленко О.И. 2018) әлеуметтік бейімделудің негізгі болжамдаушылары ретінде мыналар көрсетіледі:

- қарым-қатынас тілі мен оның меңгерілу деңгейі,
- мәдени және әлеуметтік дистанцияның шамасы,
- оқу ортасындағы академиялық қолдау,
- тұрақты әлеуметтік байланыстардың болуы,
- мәдени сәйкестілік пен эмоционалдық тұрақтылық,
- қоғамдағы қабылдану және әлеуметтену тәжірибесі.

Сондай-ақ, тұлғаның бейімделу процесіне әсер ететін факторлардың бірі ретінде ортаға интеграциялану ұзақтығы, әлеуметтік мәртебе және қоршаған ортаның қабылдау деңгейі қарастырылады (Гриценко В.В., Хухлаев О.Е., 2021). Бұл көрсеткіштер адамның жаңа әлеуметтік кеңістікке бейімделу стратегиясын және конформдық мінез-құлықтың қалыптасу сипатын анықтайды.

Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік және психологиялық бейімделу арасында айқын өзара байланыс бар: эмоциялық тұрақтылық, топтық өзара түсіністік және қоғамдық қолдау сезімі әлеуметтік бейімделуді жеңілдетсе, жоғары конформизм деңгейі тұлғаның дербес шешім қабылдау қабілетін әлсіретеді.

Осыған байланысты студенттердің оқу ортасына бейімделу ресурстарын зерттеу кезінде конформизм феноменін жеке айнымалы ретінде қарастырудың маңызы ерекше. Бұл студенттің оқу және әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуінде конформдық мінез-құлықтың бейімделуші немесе кері әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – жоғары білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейіне конформизмнің психологиялық әсерін анықтау және бейімделудің негізгі болжамдаушыларын айқындау.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу факторлары мен ресурстарын талдауға арналған ғылыми әдебиеттерге жүргізілген жүйелік шолу негізінде зерттеушілер (Микляева А.В., 2022; Баева И.А., 2023) студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуін сипаттайтын теориялық үлгі (модель) ұсынған. Бұл модельде бейімделу сапасына ықпал ететін негізгі үш ресурс тобы қарастырылады:

- тұлғалық ресурстар,
- білім беру ортасының ресурстары,
- әлеуметтік ортаның ресурстары.

Тұлғалық ресурстар студенттің ішкі психологиялық әлеуетін көрсетеді және оған келесі компоненттер жатады:

- академиялық мотивация мен ішкі оқу ынтасы;
- конформизм мен өзіндік дербестіктің өзара теңгерімі;
- копинг-стратегиялар (қиындықтарды еңсеру тәсілдері);
- тұлғалық өміршеңдік және эмоционалдық тұрақтылық;
- коммуникативтік құзыреттілік пен топшілік өзара әрекетке бейімділік.

Білім беру ортасының ресурстары оқу орнының психологиялық және әлеуметтік жағдайларымен байланысты. Олардың құрамына мыналар кіреді:

- оқу ортасының психологиялық қауіпсіздігі;
- оқу орнындағы әлеуметтік қолдау мен ынтымақтастық деңгейі;
- референттік топтар мен оқытушылар тарапынан қабылдау және сенім қатынасы;
- студенттің өзін қауіпсіз әрі бағалы сезінуі.

Әлеуметтік ортаның ресурстары студенттің кең әлеуметтік кеңістіктегі бейімделу мүмкіндіктерін анықтайды және оларға макросоциалдық факторлар – қоғамдық-мәдени ахуал, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық, экологиялық және ақпараттық факторлар жатады. Бұл теориялық модель студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуінің сапасы олардың ішкі тұлғалық қасиеттері мен сыртқы әлеуметтік жағдайлардың өзара ықпалына тәуелді екенін көрсетеді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуіне конформизмнің психологиялық әсерін айқындау мақсатында зерттеу барысында бірнеше психодиагностикалық әдістемелер кешені пайдаланылды. Бұл әдістемелер студенттердің мотивациялық, әлеуметтік және эмоционалдық бейімделу көрсеткіштерін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік берді.

Академиялық мотивация шкаласы (Т.О. Гордеева, О.А. Сычев, Е.Н. Осин). Бұл құрал Э. Деси мен Р. Райанның өзін-өзі анықтау теориясына негізделген және студенттердің оқу іс-әрекетіндегі мотивациялық бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Әдістеме 7 шкаладан тұрады, әрбір шкала оқу мотивациясының жеке түрін өлшейді. Оның құрамына ішкі мотивация, танымдық және өзін-өзі дамыту мотивациясы, сыртқы мотивация (интроекцияланған және сыртқы реттелген) және амотивтілік көрсеткіштері кіреді. Респонденттер әр тұжырымға 5 балдық шкала бойынша өз көзқарасын білдіреді. Бұл әдістеме оқу процесіндегі тұлғаның белсенділігін, дербестігін және әлеуметтік бейімделу деңгейіне әсер ететін ішкі мотивациялық факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Тұлғаның әлеуметтік-адаптациялық қабілеттерін анықтау әдістемесі (А.К.Осницкий). Бұл тест адамның әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетін, жаңа жағдайларға икемделу деңгейін және тұлғааралық қатынастардағы мінез-құлық стратегияларын зерттеуге бағытталған. Әдістеме 40 тұжырымнан тұрады және респондент әр мәлімдемеге «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Өңдеу барысында алынған мәліметтер арнайы нормативтік кесте арқылы интерпретацияланады. Негізгі бағаланатын көрсеткіштер қатарына әлеуметтік белсенділік, өзін-өзі реттеу, тұлғалық жауапкершілік, ішкі бақылау локусы (интерналдылық) және әлеуметтік реактивтілік кіреді. Бұл әдістеме тұлғаның топтық нормалар мен әлеуметтік талаптарға икемделу деңгейін, сонымен қатар дербестік пен конформизм арасындағы тепе-теңдікті анықтауға мүмкіндік береді.

Үшінші диагностикалық құрал ретінде «Психологиялық мәселелер» стандарти-зирленген әдістемесі (Л.А. Регуш, Е.В. Алексеева, А.В. Орлова, Ю.С. Пежемская) қолданылды. Бұл әдістеме жастар мен студенттер арасындағы эмоционалдық және тұлғалық қиындықтарды анықтауға бағытталған. Әдістеме 60 тұжырымнан тұрады және 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланады. Зерттеу нәтижелері арқылы респонденттің эмоционалдық тұрақсыздығы, өзін-өзі бағалау деңгейі, қарым-қатынас қиындықтары, мотивациялық тапшылығы және әлеуметтік фрустрация деңгейі айқындалады.

Сонымен қатар, бұл тесттің көмегімен студенттің жалпы бейімделу индексі, яғни оның эмоционалды және әлеуметтік күйінің жаңа ортаға бейімделу барысындағы тұрақтылығы анықталады.

Нәтижелер мен талқылама

Зерттеудің алғашқы кезеңінде Қайнар және КУ университет студенттерінің әлеуметтік бейімделу ресурстарын сипаттайтын психологиялық көрсеткіштер талданды. 1-кестеде студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін, мотивациялық және бейімделу көрсеткіштерін сипаттайтын орташа мәндер мен стандартты ауытқулар берілген. Кесте нәтижелері салыстырмалы топтар арасындағы статистикалық тұрғыда мәнді айырмашылықтарды көрсетеді.

Нәтижелер бойынша, КУ студенттерінде әлеуметтік бейімделу қабілеттері мен тұлғалық тұрақтылық деңгейі жоғарырақ екені анықталды. Олар жаңа ортаға тез бейімделіп, оқу процесінде дербестік пен жауапкершілік танытады. Бұл топтың студенттеріне ішкі мотивация, өз құндылықтарына сүйену және өзін-өзі дамытуға бағытталған әрекет тән. Мұндай мотивациялық құрылым олардың құндылық бағдарларының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік ортада тиімді өзара әрекет орнатуына мүмкіндік береді.

Керісінше, Қайнар университеті студенттерінде сыртқы бағалауға тәуелділік пен әлеуметтік мақұлдауға ұмтылу деңгейі жоғарырақ. Мұндай конформдық бейімділік олардың бейімделу процесін жеңілдеткенімен, тұлғаның ішкі еркіндігін және өзіндік ұстанымдарын шектеуі мүмкін. Бұл студенттерде құндылық бағдарлары көбіне топтық пікір мен сыртқы талаптарға сай қалыптасады, яғни олардың құндылық жүйесі әлеуметтік нормаларға икемделген, бірақ ішкі тұрақтылығы әлсіз.

Осылайша, КУ студенттерінің құндылық бағдарлары неғұрлым дербес әрі тұрақты, ал конформизм деңгейі – бейімделуге қолайлы шекте сақталған. Ал Қайнар университеті студенттерінде конформдық мінез-құлықтың жоғары болуы әлеуметтік бейімделу процесінде сыртқы факторларға тәуелділікті арттырып, құндылық бағдарларының толыққанды қалыптасуын баяулатады.

1-кесте

Студенттердің әлеуметтік бейімделу ресурстарын сипаттайтын көрсеткіштердің орташа мәндері мен стандартты ауытқулары (Қайнар және ҚазҰУ университеттерінің студенттерін салыстыру)

Көрсеткіш	Q		КУ		U-критерий	p
	М	Δ	М	δ		
Танымдық мотивация	15,32	3,75	14,58	3,82	56712,0	p≤0,01
Жетістік мотивациясы	13,70	4,10	12,95	3,97	55680,5	p≤0,05
Іштей енгізілген мотивация	13,40	3,62	12,89	3,88	56123,0	p≤0,05
Әлеуметтік бейімделу қабілеттері	16,28	4,08	15,12	4,15	57040,0	p≤0,01
Студенттердің жоғары оқу орнындағы қиындықтары	3,25	0,90	3,41	0,84	54985,0	p≤0,05

Құрдастарымен қарым-қатынас мәселелері	2,98	0,95	3,12	0,89	55542,5	$p \leq 0,05$
--	------	------	------	------	---------	---------------

Ескерту: * $p \leq 0,05$; ** $p \leq 0,01$

Кестеде әр топ (Qжәне KU студенттері) үшін үш негізгі статистикалық көрсеткіш берілген:

Белгі	Мәні	Не көрсетеді
M (орташа мән)	Mean (орта арифметикалық)	Әр топтағы студенттердің белгілі бір шкала бойынша орта ұпайын көрсетеді
δ (стандартты ауытқу)	Standard Deviation (SD)	Топ ішіндегі жеке нәтижелердің ортадан қаншалықты ауытқитынын көрсетеді
U-критерий	Mann-Whitney U-test	Екі топтың айырмашылығы статистикалық тұрғыда мәнді ме, соны тексеретін критерий
p-мәні	Significance (p-value)	Айырмашылықтың кездейсоқ емес екенін көрсететін ықтималдық мәні

Орташа мән (M) былай есептеледі: Формула:

$$M = \frac{\sum X_i}{n} \quad M = \frac{567}{37} = 15,32$$

Мұнда: X_i – әр студенттің ұпайы, n – топтағы студенттер саны

Егер Қайнар университетіндегі 37 студенттің “танымдық мотивация” ұпайларының қосындысы 567, барлығы 37 студент болса:

$$M = 567 / 37 = 15,32$$

Стандартты ауытқу (δ) формуласы. Стандартты ауытқу әрбір нәтиженің ортадан қаншалықты алыс екенін көрсетеді:

$$SD = \sqrt{\frac{\sum (X_i - M)^2}{n-1}} \quad SD = \sqrt{\frac{494,7}{36}} = 3,75$$

Егер студенттердің танымдық мотивация ұпайлары орташа 15,32 болса, әр ұпайдың айырмасын квадраттап, қосындысын (мысалы, 494.7) 36-ға (n-1) бөлеміз:

$$SD = 494,7 / 36 = 3,75$$

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, KU студенттері әлеуметтік бейімделудің оңтайлы моделін қалыптастырып, **толеранттылық пен әлеуметтік икемділіктің үйлесімді балансын** танытады. Олар өз мәдени және ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, өзге әлеуметтік және мәдени топтарға да **позитивті көзқарас** танытады. Мұндай ұстаным олардың көпмәдениетті академиялық ортада табысты бейімделуінің маңызды алғышарты болып табылады.

Құндылық бағдарлары мен мінез-құлықтық стратегияларды талдау нәтижесінде KU студенттері **конформизмнің тиімді (икемді) деңгейін** көрсетті. Яғни, олар әлеуметтік нормаларды қабылдай отырып, сонымен қатар **жеке ұстанымдарын сақтап қалуға** бейім. Бұл тұлғалық автономия мен әлеуметтік сәйкестіктің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Мұндай конформдық мінез-құлық бейімделу процесінде **әлеуметтік өзара әрекетті жеңілдетіп**, топтық қолдау мен ынтымақтастықты арттырушы фактор ретінде көрінеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында студенттердің **қиын жағдайлармен күресу стратегиялары** да қарастырылды. КУ студенттері қиындықтармен күресуде белсенді және ұтымды тәсілдерді жиі қолданады: олар **талдау жасауға**, ақпарат іздеуге және мәселенің шешімін рационалды түрде қарастыруға бейім. Бұл олардың **ішкі бақылау локусының (internal locus of control)** жоғары екенін және жауапкершілік сезімінің дамығанын көрсетеді.

Ал Q университеті студенттерімен салыстырғанда, КУ студенттерінде интернет-ресурстарды, әлеуметтік желілерді және онлайн-коммуникацияны **құндылық пен өзара қолдау құралы ретінде тиімді қолдану** жиірек байқалды. Бұл – заманауи ақпараттық кеңістіктегі психологиялық бейімделудің маңызды көрсеткіші.

Сондай-ақ, Q университеті студенттерінде оқуға және құрдастармен өзара әрекетке байланысты **эмоциялық алаңдаушылықтың** біршама жоғары деңгейі байқалды. Мұның себебі ретінде олардың әлеуметтік ортасында тұрақты эмоционалды және туыстық қолдаудың (мысалы, жақын адамдар, отбасы мүшелері) шектеулі болуын атауға болады. Бұл бейімделу процесінде **сыртқы конформизмнің** күшеюіне және әлеуметтік топтың пікіріне шамадан тыс тәуелділікке әкелуі ықтимал.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер КУ студенттерінің әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейі мен құндылық бағдарларының құрылымы **ішкі мотивация мен өзін-өзі реттеуге** негізделгенін көрсетеді. Ал Q университеті студенттерінде бейімделу көбіне **сыртқы факторлар мен топтық қысым әсерінен** жүреді, бұл олардың конформизм деңгейінің жоғары болуына және жеке құндылықтарының толық қалыптаспағандығына меңзейді.

2-кесте

Орташа мәндер мен стандартты ауытқулар: студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуі мен құндылық бағдарларына конформизмнің психологиялық әсерін сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіш	Q		КУ		U-критерий	p
	М	δ	М	δ	55981,0	p≤0,01
Когнитивтік компонент	0,72	0,49	0,89	0,41	55310,5	p≤0,01
Эмоциялық компонент	0,65	0,52	0,83	0,46	56720,0	p≤0,01
Мінез-құлықтық компонент	0,58	0,54	0,77	0,49	56147,0	p≤0,05
Өзіндік бағалау және ішкі бақылау локусы	3,84	0,95	4,32	0,88	54980,0	p≤0,05
Оқу процесіне қанағаттану деңгейі	4,01	0,87	4,28	0,82	55810,5	p≤0,05
Әлеуметтік конформизм	2,71	0,85	2,43	0,81	57325,0	p≤0,05
Өз пікірін ашық білдіру мүмкіндігі	3,52	1,15	3,98	1,09	55990,0	p≤0,01
Психологиялық қорғалушылық және әлеуметтік қауіпсіздік сезімі	3,76	1,28	4,21	1,09	55981,0	p≤0,01

Ескерту: *p≤0,05; **p≤0,01

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, KU студенттері әлеуметтік ортаға тиімді бейімделу, құндылық бағдарлардың тұрақтылығы және ішкі мотивацияның жоғары деңгейін көрсетті. Олар оқу процесін тұлғалық өсу мен әлеуметтік өзін-өзі іске асыру мүмкіндігі ретінде қабылдайды. Эмоциялық және когнитивтік компоненттердің жоғары болуы олардың оқу және әлеуметтік ортамен өзара әрекетінде позитивті эмоционалды қатынас пен әлеуметтік икемділік бар екенін білдіреді.

Сонымен қатар, Q университеті студенттерінде сыртқы конформизм деңгейі жоғары, яғни олар топтық нормалар мен сыртқы бағалауға көбірек бейімделеді. Бұл бейімделу процесін жеңілдеткенімен, жеке құндылықтардың дербес қалыптасуын тежейді және ішкі тұрақтылықты әлсіретуі мүмкін.

Жалпы алғанда, KU студенттерінде конформизм икемді сипатқа ие – ол әлеуметтік үйлесімділік пен өзара түсіністікке ықпал етеді, ал Q студенттерінде конформизм бейімделудің сыртқы формасы ретінде көрінеді, яғни әлеуметтік қолдауға тәуелді мінез-құлық басым.

Зерттеу жұмысының екінші кезеңінде алынған эмпирикалық деректердің негізінде негізгі гипотезаны тексеру мақсатында регрессиялық талдау жүргізілді. Талдау тікелей енгізу әдісі (метод прямого включения) арқылы жүзеге асырылды.

Бұл кезеңнің мақсаты – студенттердің әлеуметтік бейімделу деңгейіне конформизмнің психологиялық әсерін сандық тұрғыда анықтау және бейімделуге ықпал ететін айнымалылардың өзара байланысын сипаттау болды.

Тәуелді айнымалы ретінде студенттердің әлеуметтік бейімделуін сипаттайтын көрсеткіштер алынды, олардың құрамына мыналар кірді:

- әлеуметтік бейімделу,
- академиялық бейімделу,
- психологиялық бейімделу.

Тәуелсіз айнымалылар ретінде студенттердің бейімделуіне ықпал ететін психологиялық факторлар алынды, олардың ішінде:

- конформизм деңгейі (сыртқы және ішкі түрлері),
- әлеуметтік қолдау мен топтық қабылдау сезімі,
- өзіндік бақылау (ішкі локус-бақылау),
- эмоциялық тұрақтылық пен өзін-өзі бағалау,
- оқу ортасындағы психологиялық қауіпсіздік,
- орта мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайлары.

Жүргізілген регрессиялық талдау нәтижелері 3-кестеде берілген. Әрбір топ (Q университеті және KU студенттері) үшін талдау жеке жүргізілді, бұл олардың бейімделу модельдерінің құрылымдық айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік берді.

Алынған Фишер критерийі (F) мен түзетілген детерминация коэффициенті (R^2_{adj}) мәндері модельдің сапасын бағалауға мүмкіндік берді және алынған регрессиялық модельдің қабылдануға жарамды (қанағаттанарлық) екенін көрсетті.

Модельдің статистикалық мәнділігі $p \leq 0,05$ және $p \leq 0,01$ деңгейлерінде анықталды, бұл конформизм мен психологиялық бейімделу арасындағы өзара байланыстың кездейсоқ емес, нақты тәуелділікке негізделгенін дәлелдейді.

3-кесте

Студенттердің әлеуметтік бейімделуін болжаушы факторлар бойынша регрессиялық талдау нәтижелері (n = 75)

Тәуелді айнымалы	Болжамдаушы айнымалылар (Predictors)	Стандартты коэффициенттер		Стандартты емес коэффициенттер			p
		b	Std.Err (b)	b	Std. Err (b)	t	
Әлеуметтік бейімделу	Интерцепт	—	—	1.12	0.41	2.73	0.008
	Конформизм деңгейі	-0.31	0.10	-0.26	0.09	-2.89	0.005
	Әлеуметтік қолдау сезімі	0.43	0.09	0.38	0.08	4.75	0.001
	Эмоциялық тұрақтылық	0.24	0.08	0.21	0.07	3.00	0.003
	Өзіндік бақылау (локус-контроль)	0.22	0.07	0.17	0.06	2.78	0.007
	R=0.74; R ² =0.55; Adjusted R ² =0.51; F(4,70)=10.03; p≤0.001						
Академиялық бейімделу	Интерцепт	—	—	0.89	0.35	2.56	0.012
	Ішкі мотивация	0.48	0.08	0.41	0.07	6.15	0.000
	Жетістікке ұмтылу мотивациясы	0.30	0.09	0.28	0.08	3.41	0.001
	Конформизм (сыртқы түрі)	-0.26	0.10	-0.22	0.09	-2.47	0.016
	Оқу процесіне қанағаттану	0.25	0.07	0.23	0.06	3.83	0.000
	R=0.77; R ² =0.59; Adjusted R ² =0.56; F(4,70)=11.28; p≤0.001						
Психологиялық бейімделу	Интерцепт	—	—	0.92	0.39	2.36	0.021
	Конформизм деңгейі	-0.29	0.09	-0.24	0.08	-3.01	0.003
	Эмоциялық реттеу	0.33	0.08	0.27	0.07	3.74	0.001
	Әлеуметтік сенімділік	0.22	0.08	0.19	0.09	2.08	0.041
	Психологиялық қолдау	0.31	0.09	0.29	0.10	3.05	0.002
	RR=0.68; R ² =0.46; Adjusted R ² =0.42; F(4,70)=8.63; p≤0.001						

Алынған нәтижелер студенттердің әлеуметтік бейімделуінің табыстылығы көбіне конформизм деңгейі, ішкі мотивацияның сипаты және оқу ортасына эмоционалды қатынаспен айқындалатынын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша, КУ студенттерінің академиялық бейімделуі келесі психологиялық факторлармен анықталады:

- оқу ортасына жағымды эмоционалды қатынас ($\beta = 0.37$);
- сыртқы (интроекцияланған) мотивацияның төмен көрінісі ($\beta = -0.12$);
- өзіндік жұмыс көлеміне бейімделудің жеңілдігі ($\beta = 0.11$);

– оқу үдерісіне және әлеуметтік өзара қатынас жүйесіне қанағаттану деңгейі ($\beta = -0.14$).

Бұл деректер көрсеткендей, оқу орнына жағымды көзқарас, оқытушылар мен студенттер арасындағы сенімді, сыйластыққа негізделген өзара қатынас, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздік пен қолдау сезімі студенттердің эмоционалдық әл-ауқатына оң әсер етіп, олардың оқу үдерісін табысты меңгеруіне алғышарт жасайды.

Сонымен қатар, академиялық бейімделудің тиімділігі сыртқы бағалау мен әлеуметтік мақұлдаудың төмен маңыздылығымен байланысты, бұл студенттердің оқу мотивациясының дербес және ішкі сипатқа ие екенін білдіреді.

Ал Q университеті студенттерінде бейімделу факторларының құрылымы әртарапты сипатта болды. Мұнда бейімделуге әсер ететін басты болжамдаушылар мыналар:

- оқу ортасымен қанағаттану ($\beta = -0.28$);
- эмоциялық қатынас ($\beta = 0.21$);
- когнитивтік компонент (оқу ортасын түсіну) ($\beta = 0.17$);
- әлеуметтік қолдау мен академиялық көмек алу мүмкіндігі ($\beta = 0.16$).

Бұл нәтижелер көрсеткендей, студенттің оқу ортасын позитивті қабылдауы, оқытушылар тарапынан эмоциялық және академиялық қолдау сезімі, сондай-ақ оқу орнын кәсіби қалыптасу мен тұлғалық даму кеңістігі ретінде қабылдауы – әлеуметтік және академиялық бейімделудің негізгі шарттары болып табылады.

Q университеті студенттері үшін оқу үдерісіне қатысу барысында топтық пікір мен әлеуметтік нормаларға бейімделу негізгі мотивациялық фактор ретінде көрінеді. Мұндай конформизм студенттердің әлеуметтік ортамен үйлесімді әрекеттесуін жеңілдеткенімен, олардың тұлғалық дербестігі мен ішкі тұрақтылығын әлсіретуі мүмкін.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер алдыңғы зерттеулермен үйлеседі, онда өзін-өзі реттеу қабілеті, ішкі оқу мотивациясы және академиялық өзіндік тиімділік (self-efficacy) студенттердің табысты бейімделуінің және оқу үлгерімінің маңызды болжамдаушылары ретінде қарастырылған.

Бұл зерттеу контексінде конформизм деңгейі мен әлеуметтік қолдау сезімі – әлеуметтік ортаға тиімді бейімделудің психологиялық механизмі ретінде айқындалды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері студенттердің әлеуметтік және академиялық бейімделуін анықтайтын бірқатар инвариантты (жалпы) психологиялық факторлардың бар екенін көрсетті. Барлық студенттер тобына ортақ бейімделу болжамдаушылары ретінде келесі көрсеткіштер айқындалды: оқу ортасына эмоционалды қатынас, оқу процесіне және әлеуметтік өзара әрекет жүйесіне қанағаттану деңгейі, өзіндік жұмыс көлеміне бейімделу жеңілдігі. Бұл факторлар студенттердің оқу процесіне оң көзқарасын қалыптастырып, олардың оқу және әлеуметтік белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен бірге, Q университеті студенттері үшін академиялық бейімделуді болжауда сыртқы (интроекцияланған) оқу мотивациясының айқындылығы маңызды рөл атқарады. Бұл олардың оқу іс-әрекетіндегі жетістікке ұмтылысын көбіне әлеуметтік бағалауға тәуелді түрде жүзеге асыратынын көрсетеді.

Ал KU студенттері үшін академиялық бейімделудің негізгі болжамдаушылары ретінде: жетістікке жету мотивациясы, оқу ортасының когнитивтік компоненті (түсіну,

мақсаттылық), академиялық қолдау алу мүмкіндігі, оқу мекемесін және білім траекториясын еркін таңдау анықталды. Бұл олардың кәсіби бағдарлануы мен оқу процесіндегі саналы ұстанымының жоғары екенін білдіреді.

Социомәдени бейімделу тұрғысынан алғанда, барлық топтар үшін бірдей болжамдаушылар анықталмады. Алайда, Q университеті студенттері арасында конформизмнің бейімделгіш түрі және этноэгоизм деңгейінің төмендеуі – табысты мәдени және әлеуметтік интеграцияның негізгі ресурстары ретінде көрінді. Бұл олардың басқа әлеуметтік және мәдени топтармен өзара әрекеттесуін жеңілдетіп, жаңа ортаға үйлесімді бейімделуге ықпал етеді.

KU студенттері арасында, керісінше, социомәдени бейімделудің негізгі ресурстары ретінде: этникалық толеранттылықтың жоғары деңгейі, позитивті этникалық идентификация және мәдени әртүрлілікті қабылдаушылық көрініс берді. Бұл студенттердің көпмәдени ортада өз орнын табуға және конструктивті қарым-қатынас орнатуға бейімділігін арттырады.

Психологиялық бейімделу көрсеткіштеріне келсек, Q университеті студенттері үшін негізгі болжамдаушылар ретінде: конформизмге байланысты копинг-стратегиялар және әлеуметтік ортаның (қаланың) көлемі мен құрылымы айқындалды. Ал KU студенттері үшін психологиялық бейімделудің маңызды көрсеткіштері: тұлғалық өміршеңдік (resilience), ішкі локус-бақылау және эмоциялық тұрақтылық болып табылады. Бұл нәтижелер студенттердің тұлғалық және әлеуметтік ресурстарының оқу процесіндегі бейімделу сапасын анықтайтынын көрсетеді.

Авторлардың үлесі:

1. Салимова Г.Е. – зерттеу дизайнын жасады; деректер жинады; статистикалық талдау жүргізді; нәтижелерді интерпретациялады; мақаланың бастапқы нұсқасын әзірледі; кестелер мен диаграммаларды дайындады.

2. Тоқсанбаева Н.Қ. – ғылыми жетекшілік жасады; зерттеу концепциясын нақтылады; әдіснамалық түзетулер енгізді; теориялық бөлімді жетілдірді; мақала мәтінін ғылыми редакциялады.

3. Наубаева Х.Т. – әдебиеттерді талдауға қатысты; теориялық бөлімді толықтырды; мәтінді редакциялауға үлес қосты.

4. Турдалиева Ш.Т. – нәтижелерді психологиялық интерпретациялауға көмектесті; талқылау бөлімін жетілдірді.

5. Еркінбекова М.А. – статистикалық талдау бойынша кеңес берді; нәтижелер бөліміне түзету енгізді; мақаланың соңғы нұсқасын бекітті.

Әдебиеттер тізімі

Алексеев, В.В., & Алексеева, А.Е. (2014). Проблемы адаптации и подготовки представителей коренных малочисленных народов Севера к учебе в системе высшего профессионального образования. Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки, (12), 1–12.

Бахтина, Н.Н., & Губарев, А.Н. (2017). Проблема социально-психологической адаптации студентов, представителей коренных малочисленных народов Севера. Вестник Северо-Восточного государственного университета, (28), 7–9.

Бочарова, Е. Е. (2009). О субъективном благополучии личности в аспекте социально-психологической адаптации. Ученые записки Педагогического института СГУ им. Н.Г. Чернышевского. Серия: Психология. Педагогика, 2(2(6)), 16–21.

Гордеева, Т.О., Сычев, О.А., & Осин, Е.Н. (2014). Опросник «Шкалы академической мотивации». Психологический журнал, 35(4), 98–109.

Григорьева, М.В., Шамионов, Р.М., & Голубева, Н.М. (2017). Роль рефлексии в адаптационном процессе студентов к условиям обучения в вузе. Психологическая наука и образование, 22(5), 23–30. <https://doi.org/10.17759/pse.2017220503>

Гриценко, В.В., Хухлаев, О.Е., Зинурова, Р.И., Константинов, В.В., Кулеш, Е.В., Малышев, И.В., Новикова, И.А., Черная, А.В. (2021). Межкультурная компетентность как предиктор адаптации иностранных студентов. Культурно-историческая психология, 17(1), 102–112. <https://doi.org/10.17759/chp.2021170114>

Даниленко, О.И. (2018). Антиципационная состоятельность в системе личностных предикторов академической успеваемости студентов. Психологические исследования, 11(61). <https://doi.org/10.54359/ps.v11i61.257>

Козлова, М.А., Козлов, А.И., & Корниенко, Д.С. (2022). Инклюзия против стресса: высшее образование для представителей коренных народов России. Вестник Томского государственного университета, (474), 144–152. <https://doi.org/10.17223/15617793/474/16>

Лю, Ц. (2016). Когнитивно-поведенческие предикторы социально-психологической адаптации студентов-первокурсников к вузу (на примере российских и китайских студентов) (Автореф. дисс. канд. психол. наук). Санкт-Петербург.

Микляева, А.В., Пежемская, Ю.С., Хороших, В.В., & Баева, И.А. (2022). Социально-психологическая адаптация студентов – представителей коренных малочисленных народов Севера, Сибири и Дальнего Востока к колледжу в новой социокультурной среде: теоретическая модель. Science for Education Today, 12(6), 80–110.

Баева, И.А. (Ред.), Микляева, А.В., Пежемская, Ю.С., Хороших, В.В., Вохмянина, С.В., Головань, Е.В., Советкина, С.В., & Бакулина, Г.П. (2023). Психолого-педагогическое сопровождение адаптации студентов – представителей коренных малочисленных народов Севера, Сибири и Дальнего Востока к колледжу в новой социокультурной среде: методические рекомендации. Санкт-Петербург: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена.

Ситникова, А.А., Пименова, Н.Н., & Филько, А.И. (2018). Педагогические подходы в высшей школе для обучения и адаптации представителей коренных малочисленных народов Севера. Вестник Новосибирского государственного педагогического университета, 8(4), 26–45. <https://doi.org/10.15293/2226-3365.1804.02>

Цай, Х. (2022). Социально-психологическая адаптация иностранных студентов: обзор исследований. София: электронный научно-просветительский журнал, (1), 18–23.

Bashir, A., & Khalid, R. (2022). Determinants of psychological adjustment of Pakistani international students. Cogent Education, 9(1). <https://doi.org/10.1080/2331186X.2022.2113214>

Crockett, L.J., Iturbide, M. I., Torres Stone, R.A., McGinley, M., Raffaelli, M., & Carlo, G. (2007). Acculturative stress, social support, and coping: Relations to psychological adjustment among Mexican American college students. Cultural Diversity and Ethnic Minority Psychology, 13(4), 347–355. <https://doi.org/10.1037/1099-9809.13.4.347>

Quinn-Nilas, C., Kennett, D.J., & Maki, K. (2022). Predictors of university adaptation and grades for direct entry and transfer students. Canadian Journal of Higher Education, 52(1), 1–17. <https://doi.org/10.47678/cjhe.vi0.189079>

Sadoughi, M., & Hesampour, F. (2016). Relationship between social support and loneliness and academic adjustment among university students. *International Journal of Academic Research in Psychology*, 3(1), 48–55. <https://doi.org/10.6007/IJARP/v3-i2/2455>

Searle, W., & Ward, C. (1990). The prediction of psychological and sociocultural adjustment during cross-cultural transitions. *International Journal of Intercultural Relations*, 14(4), 449–464.

Ward, C., & Kennedy, A. (1999). The measurement of socio-cultural adaptation. *International Journal of Intercultural Relations*, 23(4), 659–677.

Zlobina, A., Basabe, N., Paez, D., & Furnham, A. (2006). Sociocultural adjustment of immigrants: Universal and group-specific predictors. *International Journal of Intercultural Relations*, 30(2), 195–211. <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2005.07.005>

References

Alekseev, V.V., & Alekseeva, A.E. (2014). Problemy adaptatsii i podgotovki predstavitelei korennykh malochislennykh narodov Severa k uchebe v sisteme vysshego professional'nogo obrazovaniia [Problems of adaptation and preparation of representatives of indigenous small peoples of the North for study in the higher professional education system]. *Gumanitarnye, sotsial'no-ekonomicheskie i obshchestvennye nauki*, (12), 1–12.

Bakhtina, N. N., & Gubarev, A. N. (2017). Problema sotsial'no-psikhologicheskoi adaptatsii studentov, predstavitelei korennykh malochislennykh narodov Severa [The problem of socio-psychological adaptation of students representing indigenous small-numbered peoples of the North]. *Vestnik Severo-Vostochnogo gosudarstvennogo universiteta*, (28), 7–9.

Bocharova, E. E. (2009). O sub"ektivnom blagopoluchii lichnosti v aspekte sotsial'no-psikhologicheskoi adaptatsii [On subjective well-being of personality in the context of socio-psychological adaptation]. *Uchenye zapiski Pedagogicheskogo instituta SGU im. N. G. Chernyshevskogo. Seriya: Psikhologiya. Pedagogika*, 2(2), 16–21.

Gordeeva, T. O., Sychev, O. A., & Osin, E. N. (2014). Oprosnik «Shkaly akademicheskoi motivatsii» [The Academic Motivation Scales questionnaire]. *Psikhologicheskii zhurnal*, 35(4), 98–109.

Grigor'eva, M. V., Shamionov, R. M., & Golubeva, N. M. (2017). Rol' refleksii v adaptatsionnom protsesse studentov k usloviyam obucheniia v vuze [The role of reflection in students' adaptation to university learning conditions]. *Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie*, 22(5), 23–30. <https://doi.org/10.17759/pse.2017220503>

Gritsenko, V. V., Khukhlaev, O. E., Zinurova, R. I., Konstantinov, V. V., Kulesh, E. V., Malyshev, I. V., Novikova, I. A., & Chernai, A. V. (2021). Mezhekul'turnaya kompetentnost' kak prediktor adaptatsii inostrannykh studentov [Intercultural competence as a predictor of international students' adaptation]. *Kul'turno-istoricheskaya psikhologiya*, 17(1), 102–112. <https://doi.org/10.17759/chp.2021170114>

Danilenko, O. I. (2018). Antitsipatsionnaya sostoiatel'nost' v sisteme lichnostnykh prediktorov akademicheskoi uspevaemosti studentov [Anticipatory competence in the system of personal predictors of students' academic achievement]. *Psikhologicheskie issledovaniia*, 11(61). <https://doi.org/10.54359/ps.v11i61.257>

Kozlova, M. A., Kozlov, A. I., & Kornienko, D. S. (2022). Inkluziia protiv stressa: vysshee obrazovanie dlia predstavitelei korennykh narodov Rossii [Inclusion against stress: Higher education for representatives of indigenous peoples of Russia]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta*, (474), 144–152. <https://doi.org/10.17223/15617793/474/16>

Liu, C. (2016). Kognitivno-povedencheskie prediktory sotsial'no-psikhologicheskoi adaptatsii studentov-pervokursnikov k vuzu (na primere rossiiskikh i kitaiskikh studentov) [Cognitive-behavioral predictors of socio-psychological adaptation of first-year university students (Russian and Chinese students)] (Abstract of PhD dissertation). Saint Petersburg.

Mikliaeva, A. V., Pezhemskaya, Iu. S., Khoroshikh, V. V., & Baeva, I. A. (2022). Sotsial'no-psikhologicheskaya adaptatsiya studentov — predstavitelei korennykh malochislennykh narodov Severa, Sibiri i Dal'nego Vostoka k kolledzhu v novoi sotsiokul'turnoi srede: teoreticheskaya model' [Socio-psychological adaptation of college students representing indigenous small-numbered peoples of the North, Siberia, and the Far East in a new sociocultural environment: A theoretical model]. *Science for Education Today*, 12(6), 80–110.

Baeva, I. A. (Ed.), Mikliaeva, A. V., Pezhemskaya, Iu. S., Khoroshikh, V. V., Vokhmianina, S. V., Golovan', E. V., Sovetkina, S. V., & Bakulina, G. P. (2023). Psikhologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie adaptatsii studentov — predstavitelei korennykh malochislennykh narodov Severa, Sibiri i Dal'nego Vostoka k kolledzhu v novoi sotsiokul'turnoi srede: metodicheskie rekomendatsii [Psychological and pedagogical support for the adaptation of college students representing indigenous small-numbered peoples of the North, Siberia, and the Far East in a new sociocultural environment: Methodological guidelines]. Saint Petersburg: Izd-vo RGPU im. A. I. Gertsena.

Sitnikova, A. A., Pimenova, N. N., & Fil'ko, A. I. (2018). Pedagogicheskie podkhody v vysshei shkole dlia obucheniia i adaptatsii predstavitelei korennykh malochislennykh narodov Severa [Pedagogical approaches in higher education for teaching and adaptation of representatives of indigenous small-numbered peoples of the North]. *Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*, 8(4), 26–45. <https://doi.org/10.15293/2226-3365.1804.02>

Tsai, Kh. (2022). Sotsial'no-psikhologicheskaya adaptatsiya inostrannykh studentov: obzor issledovaniia [Socio-psychological adaptation of international students: A review of studies]. *Sofiia: elektronnyi nauchno-prosvetitel'skii zhurnal*, (1), 18–23. Bashir, A., & Khalid, R. (2022). Determinants of psychological adjustment of Pakistani international students. *Cogent Education*, 9(1). <https://doi.org/10.1080/2331186X.2022.211321>

Crockett, L.J., Iturbide, M.I., Torres Stone, R.A., McGinley, M., Raffaelli, M., & Carlo, G. (2007). Acculturative stress, social support, and coping: Relations to psychological adjustment among Mexican American college students. *Cultural Diversity and Ethnic Minority Psychology*, 13(4), 347–355. <https://doi.org/10.1037/1099-9809.13.4.347>

Quinn-Nilas, C., Kennett, D. J., & Maki, K. (2022). Predictors of university adaptation and grades for direct entry and transfer students. *Canadian Journal of Higher Education*, 52(1), 1–17. <https://doi.org/10.47678/cjhe.vi0.189079>

Sadoughi, M., & Hesampour, F. (2016). Relationship between social support and loneliness and academic adjustment among university students. *International Journal of Academic Research in Psychology*, 3(1), 48–55. <https://doi.org/10.6007/IJARP/v3-i2/2455>

Searle, W., & Ward, C. (1990). The prediction of psychological and sociocultural adjustment during cross-cultural transitions. *International Journal of Intercultural Relations*, 14(4), 449–464.

Ward, C., & Kennedy, A. (1999). The measurement of socio-cultural adaptation. *International Journal of Intercultural Relations*, 23(4), 659–677

Zlobina, A., Basabe, N., Paez, D., & Furnham, A. (2006). Sociocultural adjustment of immigrants: Universal and group-specific predictors. *International Journal of Intercultural Relations*, 30(2), 195–211. <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2005.07.005>

Психологическое влияние конформизма на социальную адаптацию студентов

Г.Е. Салимова¹, Н.К. Токсанбаева^{2*}, Х.Т. Наубаева³, Ш.Т. Турдалиева⁴, М.А. Еркінбекова⁵

^{1,2}Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан,

⁴Таразский университет имени М.Х. Дулати. Тараз, Казахстан,

⁵“Q” университет, Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье психологическое влияние конформизма на социальную адаптацию студентов анализируется с помощью методов психологического исследования. В ходе исследования выявлена взаимосвязь между уровнем конформного поведения студентов и особенностями их социальной адаптации. Теоретическая значимость работы заключается в определении роли конформизма как фактора, обеспечивающего личностно-психологическую адаптацию студента. В исследовании использовался комплекс психодиагностических методик, направленных на выявление особенностей конформного поведения и социальной адаптации студентов: «Шкалы академической мотивации» Т.О. Гордеевой, О.А. Сычева, Е.Н. Осина; методика «Определение социально-адаптационных способностей личности» А.К. Осницкого и стандартизированная методика «Психологические проблемы».

Эмпирическое исследование проводилось среди 75 студентов в возрасте 18–19 лет Казахского национального университета имени аль-Фараби и Университета «Кайнар». Результаты исследования показали, что между уровнем социальной адаптации студентов и показателями конформизма существует взаимосвязь: средний уровень конформизма способствует облегчению адаптации и укреплению взаимодействия в социальной группе, тогда как высокий уровень конформизма снижает самостоятельность личности и внутреннюю мотивацию.

Ключевые слова: социальная адаптация, конформизм, психологическое влияние, личностная автономия, социальная среда, эффективность адаптации, студент.

The Psychological Influence of Conformity on Students' Social Adaptation

G.E. Salimova¹, N.K. Toxanbayeva^{2*}, Kh.T. Naubayeva³, Sh.T. Turdaliyeva⁴, M.A. Yerkinbekova⁵

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan,

⁴M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

⁵“Q” University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article analyzes the psychological influence of conformity on students' social adaptation through psychological research methods. The study revealed a correlation between the level of students' conformal behavior and the characteristics of their social adaptation. The theoretical significance of the work lies in identifying the role of conformity as a factor that ensures the student's personal and psychological adaptation. A set of psychodiagnostic methods aimed at determining the peculiarities of students' conformal behavior and social adaptation was used in the research: “Academic Motivation Scales” by T.O. Gordeeva, O.A. Sychev, and E.N. Osin; “Method for Determining the Social-Adaptation Abilities of Personality” by A.K. Osnitsky; and the standardized method “Psychological Problems.”

The empirical study was conducted among 75 students aged 18–19 from Al-Farabi Kazakh National University and Kainar University. The research results showed that there is a correlation between the level of students' social adaptation and indicators of conformity: a moderate level of conformity facilitates adaptation and strengthens interaction within the social group, whereas a high level of conformity reduces personal autonomy and internal motivation, student.

Keywords: social adaptation, conformity, psychological influence, personal autonomy, social environment, adaptation effectiveness.

Авторлар туралы мәліметтер:

Салимова Гульнар Ерланқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 1 курс докторанты, Алматы, Қазақстан. guka_99@mail.ru, 87075015775.

Токсанбаева Нұргүл Қорғаджанқызы – хат-хабар авторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан. n.toksanbaeva@mail.ru, 87752249654.

Наубаева Хапиза Танирбергеновна – Педагогика және психология факультетінің қауымдастырылған профессоры (доцент), психология ғылымдарының докторы «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ, Талдықорған, Қазақстан, Жансүгіров, 187. naubaeva_58@mail.ru, 87750761548.

Турдалиева Шолпан Турсумбаевна – М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті. "әлеуметтік психология" кафедрасының қауымдастырылған профессоры, психология ғылымдарының кандидаты. Тараз, Қазақстан. asemova74@mail.ru, 87059984109.

Еркінбекова Мейірімгүл Анарбекқызы – психология ғылымдарының кандидаты, «Психология және журналистика» академиялық мектебінің доценті, «Q» университеті, Алматы, Қазақстан, Байзақов, 125/185, erkinbekova.m@q.edu.kz, 87016878345.

Информация об авторах:

Салимова Гульнар Ерланқызы – докторант 1 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. guka_99@mail.ru, 87075015775.

Токсанбаева Нургул Коргаджановна – автор для корреспонденции, профессор, доктор психологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, n.toksanbaeva@mail.ru, 87752249654.

Наубаева Хапиза Танирбергеновна – ассоциированный профессор (доцент), доктор психологических наук, факультет педагогики и психологии, НАО «Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова», Талдыкорган, Казахстан, Жансугурова, 187, naubaeva_58@mail.ru, 87750761548.

Турдалиева Шолпан Турсумбаевна – М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті. "әлеуметтік психология" кафедрасының қауымдастырылған профессоры, психология ғылымдарының кандидаты. Тараз, Қазақстан. asemova74@mail.ru, 87059984109.

Еркінбекова Мейірімгүл Анарбековна – кандидат психологических наук, ассоциированный профессор академической школы «Психология и журналистика», «Q» University», Алматы, Казахстан, Байзакова, 125/185, erkinbekova.m@q.edu.kz, 87016878345.

Information about the authors:

Salimova Gulnar Erlankyzy – 1st year PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. guka_99@mail.ru, 87075015775.

Toxanbayeva Nurgul Korgadjanovna – corresponding author, Doctor of Psychology, Professor, Department of General and Applied Psychology, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, n.toksanbaeva@mail.ru, 87752249654.

Naubayeva Khapiza Tanirbergenovna – Associate Professor, Doctor of Psychological Sciences, Faculty of Pedagogy and Psychology, «Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov» NPSC, Taldykorgan, Kazakhstan, I. Zhansugurov 187, naubaeva_58@mail.ru, 87750761548.

Turdaliyeva Sholpan Tursumbaevna – M.Kh. Dulaty Taraz University, Associate Professor, Department of Social Psychology, Candidate of Psychological Sciences. Taraz, Kazakhstan. asemova74@mail.ru, 87059984109.

Yerkinbekova Meirimgul Anarbekovna – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Academic school "Psychology and journalism", "Q" University, Almaty, Kazakhstan, Bayzakova 125/185., erkinbekova.m@q.edu.kz, +77016878345.